



Мәдени-әдеби әлем



«Музейдегі түн» ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ БОЛДЫ

Халықаралық музейлер күні мерекесі аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи - мәдени қорық музейі қызметкерлері Тараздағы «Төрткүл» тарихи кешенінде «Тарихи мұра – халық қазынасы» тақырыбымен «Музейдегі түн» онлайн іс-шарасын ұйымдастырды.



Облыс әкімінің орынбасары Дәулет Кәрібек көпшілік алдында сөз сөйлеп, музей қызметкерлерін төл мерекесімен құттықтап, бірқатар қызметкерлерге облыс әкімінің Алғыс хатын тапсырды.

Қ о р ы қ
м у з е й

директоры Нұрлан Бықыбаев та біраз қызметкерлерді және іс-шараға белсене қатысқан мекемелерді марапаттады. Бұдан соң Кенен Әзірбаев атындағы облыстық филармония әншілері, Мәдениет саласының үздіктері Маралбек Бабақұлов пен Мадина Сағынбекова бастаған әншілер патриоттық әндерден шашу шашып, «Ақкербез» бишілер ансамблі өз өнерлерін ортаға салды. Осылайша, «Төрткүл» тарихи кешені думанға бөлеген музей түні іс-шарасы жоғары деңгейде өтті.

Дәл осындай «Музейдегі түн» мәдени білім беру акциясы онлайн режимде облыстық тарихи-өлкетану музейінде де ұйымдастырылды. Бұл іс-шара Facebook әлеуметтік желісі арқылы тікелей эфир арқылы көпшіліктің назарына ұсынылды. Осы жолы «Музейдегі түн» акциясының бағдарламасын «Қыш өнері» және «Ежелгі Тараздың желісімен қыш жасау өнері» атты шеберлік сағаттарын, «Шығыс базары» көрмесін, шоу-дефиле, «Тақырыптық кітап» көрмесі мен музейдің экспозициялық залдары бойынша «Тарихи дәуірлердің жанданған кейіпкерлері» сынды тақырыптарды қамтыды. Сонымен қатар келушілер назарына шағын концерттік бағдарлама мен музей туралы түсірілген арнайы бейнесюжет ұсынылды.

Осынау іс-шараға облыс әкімдігі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары



Мұнда Қарахан, Тектұрмас секілді өзге де тарихи тұлғалар кесенелерінің макеті қойылса, Айша бибі мен Қарахан кесенесі, Ақтөбе, Өрнек қалашықтары туралы мәліметтер де бізді қызықтырғаны анық. Сондай-ақ орта ғасырлық жәдігерлер мен бұйымдар мұнда келушілерді ерекше қызықтырды деп ойлаймыз. Музейдің қызметкер қыздары орта ғасырлық камзол, көйлек киіп, ұлттық дәстүрімізді насихаттап жүруімен ерекшеленді. Ал осы музейдің есепші маманы Айнуір Құрмантаева өз қолымен тоқыған қолөнер бұйымдарын көпшілікке ұсынды. Атап айтқанда көйлек, тақия, сөмке, әмиян, балалар ойыншықтары көзді арбайды. Көрікті кітап көрмесі де көңілден шықты.

Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Дәулет Кәрібек арнайы келіп қатысты. Ол жоғарыда аталған бұйымдар, сурет және кітап, музейдің жылжымалы көрмелерін аралап шықты. Әсіресе тұлғалардың биылғы мерейтойларына орай Жамбыл Жабаев (орыс драма театрының актері Санжар Ботбайбек), Әлихан Бөкейханов (қазақ драма театрының актері Асылжан Қосжанов), Қажымұхан Мұңайтпас (орыс драма театрының актері Нұрсейіт Өткір) бейнелерінің ойдағыдай әсерлі шыққанын айтып өтті. Олар облыс әкімі орынбасары алдында өз өнерлерін көрсетті.



Сара Мәдиева арнайы келіп қатысты. Ол өз сөзінде сала қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, өлке тарихын танытуда музей қызметкерлерінің атқарып отырған жұмысының зор маңызға ие екенін айтып өтті. Сондай-ақ ұзақ жылдар бойы жемісті жұмыс атқарып келе жатқан бірқатар музей қызметкерлерін марапаттады. Сала қызметкерлерін аталмыш музейдің директоры Сейітжан Ілияс та мерекемен құттықтап, Алғыс хаттарды табыстады. Жалпы, әнмен әдіптеліп, концерттік бағдарламамен түйінделген іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айта кеткен дөзіміз.

Жалпы, «Музейдегі түн» іс-шарасы 1997 жылдан бастап халықаралық деңгейде жүзеге асырылып келе жатқаны мәлім. Әуелі Германияда өткен «Музейдегі ең ұзақ түн» жобасы талайлардың қызығушылығын тудырған болатын. Бұл акция кейіннен 2001 жылы әйгілі Лувр музейінде жалғасын тапқан. Қазақстанда «Музейдегі түн» жобасы 2006 жылы еліміздің орталық музейінде бастау алып, бүгінге дейін бұл ізгі дәстүр үзілген жоқ.

Табиғат АБАИЛДАЕВ,
Есет ДОСАЛЫ.

Суреттерді түсірген
Алтынбек ҚАРТАЙБАЙ,
Юрий КИМ.



Аламанда топқа түсті ақындар

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай Талас ауданындағы Ұлбике ақын атындағы мәдениет орталығында «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыс әкімдігі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, Талас аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік – тұғырым!» атты облыстық ақындар айтысы өтті.

Табиғат АБАИЛДАЕВ

Жыр аламының аудан әкімінің орынбасары Роман Қырықбаев сөз сөйлеп ашып, Тараз қаласы және әр ауданнан жиналған 24 айтыскерге сәттілік тіледі. Айтыстың қазылар алқасы құрамында айтыс ақындары мен термешілердің халықаралық одағы облыстық филиалының төрағасы Ахметжан Өзбеков, облыстық «Ақ жол» газетінің бас редакторы, ҚР Ақпарат саласының үздігі Оралхан Дәуіт, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Қайырбек Асанов, белгілі журналист Біржан Сөктай, ақын, Талас аудандық мәслихатының депутаты Үміт Битенова және Сабыр Рысбаев секілді кіл жақсылар болды.



Айтыстың шымылдығы байзақтық Дархан Әбдіманат пен жуалылық Дидар Апбасовтың сөз сайысымен ашылды. Қос ақын арасындағы айтыс тартысты болды. Мұнан соң байзақтық Дидар Басықараев пен жуалылық Әуесхан Үркімбаев лайықты айтыс жасады. Ал Жамбыл ауданының ақыны Нұрлыбек Құрманов пен тараздық Шапағат Әбдір арасындағы сөз сайысы да көңілге қонды. Нұрлыбек Тәуелсіздік тақырыбын тамаша жырлап, Таластың әр жетістігін өлеңге айналдыра білді. Таластық Есет Досалы мен құландық Асхат Қылышбек арасындағы тартыс та қызықты өрбіді. Асхат қарсыласына: «Бұл Есет қазақы қалжыңымен, жарты сағат қайғынды ұмыттырсын» дей келе: «Есет аға туған жер топырағына, өңіңді алайыншы бір аунатып» деп әзілдеді. Ал Есет: «Есетті аунатам деп отырсың ба, бағыңның бірші олай жанбайтынын. Ыстыбаев балуан шыққан жерде, Құдай білсін қане кімнің аунаитынын» деп тапқырлық танытты. Бұл жұп Тәуелсіздікті де жақсы жырлай білді.



Жуалылық Қанат Мырзахан мен Жамбыл ауданынан келген Айтмұханбет Исаков, байзақтық Алтынқұл Қасымбекова мен Олжас Отар арасындағы айтыстар да сәтті шықты. Байзақтық Рай Дөңбай мен таластық Нұржан Манатбек, шулық Айым Көшербай мен байзақтық Ернұр Бейсенов, шулық Бакытбек Жұмабеков пен жамбылдық Шапағат Сәбитқызы да жақсы айтыс жасады. Жалпы алғанда, айтысқа қатысқан ақындардың барлығы да жақсы дайындықпен келгенін көз көрді. Осылайша, онлайн форматтағы айтыс жүректерге жетті.

Жыр додасының қорытындысында қазылар алқасының шешімімен бас жүлде жамбылдық Нұрлыбек Құрмановқа берілсе, бірінші орын тараздық Шапағат Әбдірге бұйырды. Құландық Асхат Қылышбек пен таластық Олжас Отар екінші, жамбылдық Айтмұханбет Исаков, жуалылық Қанат Мырзахан, әріптесіміз Есет Досалы үшінші орынды иеленді. Сондай-ақ Талас аудандық мәслихаты тағайындаған арнайы сыйлықты таластық Нұржан Манатбек қанжығасына байлады.

Айтысты Талас аудандық мәслихатының хатшысы Кәдірбек Садубаев қорытындылап, Тәуелсіздікті жоғары деңгейде жырлаған айтыскер ақындарға алғысын айтып, алдағы жытта да айтыс тойы Таласта жалғаса беретінін тілге тиек етті.

Талас ауданы.



Меншік иесі:

«AULIEATA-MEDIA»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕҮЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
Бас директор – **Нұрбек БЕКЕН**
Бас директордың орынбасары – **Алпамыс ҚАЗЫБАЕВ**
Бас редактор – **Оралхан ДӘУІТ**

Бас редактордың орынбасары –
Фарида ӘБДІКЕРІМОВА – 43-33-08
Жауапты хатшы –
Түрсынбек СҮЛТАНБЕКОВ – 43-33-08
Шолпан –
Ақжолан МАМЫТ – 45-48-09



Мекен-жайымыз:
080000, Тараз қаласы,
Ы. Сүлейменов көшесі, 5, Баспасөз үйі



Телефондар/факс: бас редактордың қабылдау бөлмесі –
(қаланың коды – 8-726-2) 43-17-07



Электрондық пошта:
ak-jol-taraz@rambler.ru



Газеттің сайты:
www.aqjolgazet.kz

БӨЛІМДЕР:

Саясат және құқық бөлімінің редакторы м.а. –
Асхат РАЙҚҰЛ – 43-33-08
azeke_0403@mail.ru
Экономика және ауыл
шаруашылығы бөлімінің редакторы –
Амангелді ӘБІЛ – 43-50-73
abil_akjol@mail.ru

Әлеуметтік бөлімінің редакторы –
Ардақ ҮСЕЙНОВА – 43-33-08
ardak_31@mail.ru

Мәдениет және спорт бөлімінің редакторы –
Табиғат АБАИЛДАЕВ – 45-48-09
tabi88@mail.ru

Аға дизайнер –
Жанна БЕКЕНҚҰЛОВА – 43-26-90
janna_bay@mail.ru

«Aqjolgazet.kz» сайтының веб-редакторы –
Камилла БОРАШОВА –
kamila_205@mail.ru

Техникалық қолдау қызметі –
Алима ОРМАНОВ – 43-26-90
oab.89@mail.ru

Жарнама аға менеджері –
Динара БАЛАБА – 43-32-50
dinara303@inbox.ru

Фотоші –
Акадін РЫСМАХАН – 43-17-11
rysmahan88@mail.ru

ТІЛШІЛЕР:

Марат ҚҰЛИБАЕВ
kulibai.marat@mail.ru

Есет ДОСАЛЫ
eset.akjol@mail.ru

Қарлығаш ЕСБЕРГЕНОВА
karla_forever@mail.ru

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Шу, Мойнақшым аудандары –
Ергали ҚАРТАЙБАЙ АН
ergali-jur@mail.ru

Сарысу, Талас аудандары –
Жүрсінгүл ЖАҚЫП
jursingul2019@mail.ru

Бухгалтерия – 43-17-12

Газетті есепке алу туралы
№ КЗ63УР0002025-көрілімі 2020 жылғы 17 қыркүйекте
Қазақстан Республикасының Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігі берген.

«AULIEATA-MEDIA»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕҮЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
ЖСК КЗ96914142303КЗ00003,
БСК САВКЗКА ДБ АО «СЕРПАНК»,
КБЕ 17, КНП 851, БСН 030840005936,
ИНДЕКС: ЖЕКЕ ЖАЛПЫШЫ ҮЙІН – 65457,
МЕКЕМЕ ҮЙІН – 15457.

Редкция авторлардың көмектесуі, жарнама мақаласы үшін жауап береді.
Жарнамадан келіп жатқан сыйрақтар.
© – материалдың жариялануына иелік танытпайды.



Немірдің кезекші редакторы
Қарлығаш ЕСБЕРГЕНОВА

ТАРАЛЫМЫ: 11628
АПТАЛЫқ ТАРАЛЫМЫ: 34884